



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- **7M03101 - Жаһандану дәуіріндегі халықаралық қатынастар**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Халықаралық қатынастар, экономика, халықаралық және ұлттық қауіпсіздік саласында туындайтын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, белсенді азаматтық ұстанымы бар, ғылыми және практикалық тұжырымдамалар мен ұсыныстарды тұжырымдай алатын және педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін жүзеге асыратын кәсіби құзыреттілікке ие магистрлерді даярлау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ АЙМАҒЫ

аналитикалық, әкімшілік-басқарушылық, сараптамалық және консультациялық қызметті ұйымдастыру, университеттің оқу үдерісі шеңберінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру, білім беру жүйесін басқарудағы инновациялық процестерді қолдау жөніндегі уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың қызметі.

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - халықаралық қатынастардың барлық салаларында тұрақты білім қалыптастырады;

ОН2 - зерттеулер мен халықаралық қатынастардың мәселелерін болжау мен шешуге арналған практикалық мәселелерді шешу үшін білімді синтездейді;

ОН3 - халықаралық үдерістерді, халықаралық қатынастарға әсер ететін факторларды талдаудың қолданыстағы тұжырымдамалары мен тәсілдерін сыни тұрғыдан бағалайды және жаңа идеяларды тудырады;

ОН4 - халықаралық қатынастар жүйесіндегі жаһандық процестердің даму тенденцияларын, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің сыртқы саясаты мен ұлттық қауіпсіздігінің ерекшеліктерін талдайды және бағалайды;

ОН5 - халықаралық қатынастарда ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде аналитикалық және салыстырмалы әдістерді қолданады;

ОН6 - халықаралық қатынастар саласында ақпараттық технологияларды тиімді қолданады;

ОН7 - халықаралық жағдайды бағалайды және мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде қорытындыларды тұжырымдайды ;

ОН8 - халықаралық қатынастар жүйесінің жаңа міндеттеріне жауап беретін басқару шешімдерін қабылдайды.